Қазақстан Республикасының атынан
Ш Е Ш І М

2025 жылғы 12 ақпан 3115-25-00-2/92 Тараз қаласы

Жамбыл облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық соты құрамында:
төрағалық етуші судья Р.К.Ясарова қойылған талап бойынша азаматтық істі оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қарады.

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
«Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Сарысу ауданының білім бөлімінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
жеке кәсіпкер Ақерке Тәжіханқызы Өмірзақ

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
1.мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану туралы
2.тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 267-4,223-226 баптарын басшылыққа ала отырып, сот,

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Сарысу ауданының білім бөлімінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының жауапкер жеке кәсіпкер Ақерке Тәжіханқызы Өмірзақты мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп тану және тұрақсыздық айыппұл өндіру туралы талап қоюы қанағаттандырылсын.

Жеке кәсіпкер Ақерке Тәжіханқызы Өмірзақ мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушы деп танылсын.

Жеке кәсіпкер Ақерке Тәжіханқызы Өмірзақтан «Жамбыл облысы әкімдігінің білім басқармасы Сарысу ауданының білім бөлімінің «Айгөлек» бөбекжай-бақшасы» мемлекеттік коммуналдық қазыналық кәсіпорнының пайдасына 192 (жүз тоқсан екі) теңге тұрақсыздық айыппұл өндірілсін.

Жеке кәсіпкер Ақерке Тәжіханқызы Өмірзақтан мемлекет пайдасына 1972 (бір мың тоғыз жетпіс екі) теңге мемлекеттік баж салығы өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы.

Шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда – сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор наразылық білдіруі мүмкін.

Судья Р.К.Ясарова

Құжатқа қол қойылған: Ясарова Р. К., 12.02.2025

Заңды күшіне енген күні: 26.03.2025, судья Ясарова Р. К., 26.03.2025